

«ДИЗАЙН-ОЙЛАУ» ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ЖЕТІЛДІРУ

РАХМЕТОВА Райгүл Сәдуақасқызы

п.ғ.д., Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің доценті
Алматы/Қазақстан
e-mail: raigul.67@mail.ru

ЖАНҒАЗЫ Ақиқат Ақбергенқызы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының 2 курс магистранты
Алматы/Қазақстан
e-mail: zhangazy.akikat@mail.ru

Андатпа. Ғылым мен білім беру саласындағы өзгерістер оқу үрдісіне жаңа көзқараспен қарауды талап етуде. Білім берудегі тың жаңалықтарды сабақ үрдісіне енгізу мұғалімнен көп ізденісті қажет етеді. Оқушының білім сапасын жетілдіруге ыпал ететін ұтымды әдіс-тәсілдерді іріктеп қолдану да мұғалімнің тәжірибесіне, шығармашылығына байланысты. Соңғы жылдары оқушының өзіндік ойлау қабілетін, ізденісін дамытуға әсер ететін ұтымды әдістердің бірі – дизайн-ойлау. Бір қарағанда, тек дизайнерлерге қатысты болып көрінетін аталған әдіс өзіндік ерекшелігімен құнды. Аталған әдіс барлық салада қолдануға болатынымен ерекше. «Дизайн-ойлау» әдісінің басты мақсаты – қоғамдағы түйткілді мәселелерді инновациялық және креативті тәсілдерді қолдана отырып анықтау және оны өмірде шешудің жолдарын ұсынып, ашылған жаңалықты қолдана білуге үйрету. Аталған әдіс білім беру мен ғылым саласына енгелі оның оқушылардың белсенді іс-әрекеті мен позитивті ойлануына, мәселені сыни тұрғысында бағалауды үйренуіне, шығармашылық дағдысын күшейтуге көмектесетіні дәлелденіп отыр. Мақалада дизайн-ойлау әдісінің шығу тарихы, өзіне тәр ерекшеліктері мен қолдану тәсілдері сөз болады. Дизайн-ойлау әдісінің кезеңдері туралы айтылады. Аталған әдістің оқушының қабілетін дамытуға ықпал ететіні сөз болады.

Кілт сөздер: әдіс, дизайн ойлау, шығармашылдық, жаңашылдық, топтық жұмыс.

Кіріспе. Қоғамның қазіргі жағдайы ұстаздар алдына оқу үрдісін жаңаша бағамдау міндетін қойды. Төртінші индустриялық революция өмірге қажетті дағдыларды басқаша қарауды талап етті. ХХІ ғасыр оқушыларына қажетті ең басты дағдылар – шығармашылық және сыни ойлау, қарым-қатынас жасай білу, яғни коммуникацияға түсіп, ұжымда жұмыс істей алу.

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, көптеген балалардың жасырын келетін өзіндік әлеуеті бар. Олар: дарындылық, қажетті даму және қолдау шарттары болған жағдайда белгілі бір салада өзін-өзі көрсету.

Ұстаздардың басты міндетіне білім алушылардың білім алуға деген құштарлығын арттыру, шығармашылық қарым-қатынасты қолдау және ынталандыру үшін олардың мотивация мен белсенділігін арттыру жатады. Мектеп сабағында оқушылардың креативтілікті танытатын мінез-құлық жүйесін құру өте маңызды. Содан кейін белгілі бір әдістемелер мен әдістерді қолданып, одан әрі қарай жетілдіруге болады (Том және Дэвид, 2015: 59). Қазіргі балаларды қызықтыру оңай емес, алайда, оқушылардың тілдік дағдысын дизайн-ойлау әдісі арқылы дамыту өз нәтижесін береді деп ойлаймыз.

Мектеп жасында креативтілікті дамытуға бірнеше негіз бар:

- балалар жаңашылдыққа деген қажеттілікті сезінеді;
- ынталандыруды қажет етеді және проблем туындата біледі;
- кең қабылдауға мүмкіндігі бар, бай қиялға ие;
- қызығушылықтары мол және өз әрекеттеріне айналдыра алады.

Бұл міндеттерді орындау үшін барлық мектептерде әр түрлі талантты жастарды дамытып, оқушылардың мүдделерін қанағаттандыру керек.

«Қазіргі уақытта біздің алдымызда бір мүлде жаңа және аса маңызды міндет тұр – жастарды жаһандық экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуге, оларды экономикалық қызмет түрлеріне ынталандыратын, ғаламшардың табиғи ресурстарының тұрақты дамуы мен қайта жаңғыруына ықпал ететін, оның жер қойнауының сарқылуы мен тонауына алып келетіндерінің орнына оқыту нысандарын ұсыну» деген Кен Робинсонның пікірі бұны дәйектей түседі (Кен, 2016: 108).

Энциклопедияларда, түсіндірме және басқа сөздіктерде «дизайн» сөзінің тұжырымдамасын сонымен қатар оқу-әдістемелік әдебиеттерде «дизайн дегеніміз - бұл көркемдік және дизайнерлік қызмет, оның элементтерін оқып-үйрену, үйлесімді пәндік аймақты қалыптастыру үшін қажет» деп көрсетеді. Алайда қолдану аясына байланысты «дизайн» сөзінің мағынасы да ашыла түсті. Мектеп сабақтарына қолдану арқылы жаңа әдіс түрі пайда болды.

«Дизайн-ойлау» әдісі арқылы мектеп оқушыларын ізденімпаздыққа, үздік жобаларды дайындауға, ашылмаған жаңалықтар шығаруға, олардың шығармашылық дағдысын арттыруға болады. Себебі дизайн-ойлау әдісінде ғылыми жаңалық табуға деген қызығушылық пен ғылымға деген құштарлық бірінші орынға қойылады.

Дизайн-ойлаудың негізгі идеясы инновациялық шешімдерді ойлап табу үшін дизайнердің ойлау тәсілін қабылдау және пайдаланушының көзқарасы бойынша мәселеге жүгінуде жатыр. Сонымен қатар, дизайн ойлау – алға қойған мақсатты практикалық тұрғыдан жүзеге асыруда таптырмайтын әдіс болып табылады.

«Дизайн-ойлау» алғаш Америкада пайда болып, экономика және бизнес салаларында кең қолданыла бастады. Соңыра аталған әдіс қоғамның барлық салаларына ене бастады, қазіргі уақытта АҚШ-та, Ұлыбританияда, Францияда, Италияда психология, экономика, инженерлік сияқты ғылым салаларында кеңінен қолданыс тауып жатыр. Батыс елдерінде 90-жылдардан бастап дизайн ойлауды

білім беру мен ғылымды дамыту саласында пайдалана бастады. Кейінгі жылдарда АҚШ-тың орта мектептерде бұл әдіс кең көлемде қолданылып, 21-ғасырдың басында да Еуропа елдері мен Ресейде білім беру жүйесіне енді (Жамелов, 2017).

Қазіргі уақытта «дизайн-ойлау» әдісін зерттеу мақсатында көптеген жетекші университеттер, әлемдік бизнес мектептері қолданады. Стэнфорд университеті профессорлары «дизайн-оқытуды» жүзеге асырудағы артықшылықтары қандай болмақ, ол оқушылардың шығармашылық ойлауын қаншалықты дәрежеде жетілдіре алады деген сауалдарға дәлелдер арқылы жауап беріп, әдістің өзіндік артықшылықтарын саралап берді.

«Дизайн-ойлау» әдісінің басты мақсаты – қоғамдағы түйткілді мәселелерді инновациялық және креативті тәсілдерді қолдана отырып анықтау және оны өмірде шешудің жолдарын ұсынып, ашылған жаңалықты қолдана білуге үйрету. Аталған әдіс білім беру мен ғылым саласына енгелі оның оқушылардың белсенді іс-әрекеті мен позитивті ойлануына, мәселені сыни тұрғысында бағалауды үйренуіне, шығармашылық дағдысын күшейтуге көмектесетіні дәлелденіп отыр.

Қиын мәселелерді шығармашылық тұрғыдан және жаңа технологияларды қолдана отыра шешудің ең тиімді деген тұстарын қарастыру – «дизайн-ойлаудың» басты қағидаты. Шығармашылық идеяларды тудыруды және оны жүзеге асыру арқылы білім алушылар өздерінің білімдерін өмірмен байланыстыруына мүмкіндік алады.

«Дизайн-ойлау» шығармашылықты қалыптастыру технологиясы ретінде адамға бағытталған қызметтер мен қол жетімді өнімдерге бағытталғандықтан технологиялық және экономикалық жағынан тиімді.

Дэвид Келли «Креативная уверенность» атты кітабында «дизайн-ойлау – табиғи (дамып келе жатқан) адамның интуитивті болу қабілетіне, заңдылықтарды табуға және эмоционалдық жағынан тартымды ғана емес, сонымен қатар функционалдық болып табылатын идеяларды ойлап табуға сүйенетіндігін» айтады.

Дизайн-ойлау әдістемесі мәселелерге назар аударатын отырып шешуді қарастырады. Дэвид Келли «дизайн-ойлаудың» бірнеше негізгі принциптерін атап өтті. Олар: идеялар буыны, әр түрлі кәсіби білімдері бар команда, барынша эмпатия тұтынушыларға деген көзқарас және қолда бар құралдарды қолдану арқылы тез прототиптеу (Том және Дэвид, 2015: 60).

Дизайн-ойлау үдерісінің классикалық нұсқасы бірнеше өзара байланысты кезеңдер арқылы инновациялық ойлаудың құпиясын түсінуге мүмкіндік береді:

- «Түсіну» – қазіргі кездегі қиындықтар мен олардың мәнмәтінін түсіну;
- «Бақылау» – мәселені «шешуші» көзімен қарауға тырысу;
- «Көзқарастың анықтамасы» – біз шешетін проблеманың қысқаша тұжырымдамасы;
- «Идея» – идеяларды дамыту;
- «Прототиптеу» – прототипін құру;

– «Тестілеу» – әлеуетті шақыра отырып шешімді сынау (Максимова және Пулявина, 2018: 1323).

Бұл әдісті қолдануда қатысушылардың қабілеттері оянады және мұнда басқа адамдармен жұмыс жасау қабілеті көрінеді, өзін белгілі бір рөлде көрсетуге мүмкіндік алады. Командадағы рөлдердің саны – 7, іс жүзінде көп немесе аз болуы мүмкін 1-2 адам, бірақ команда 10 адамнан аспағаны жөн, өйткені үлкен топты басқару қиынырақ (Сагинова, Завьялова және Сагинов, 2013: 5).

«Түсіну» аталатын алғашқы кезеңде міндеттер мен тақырыптағы негізгі мәселелерді анықтап, осы айқындалған мәселелерді шешу үшін нақты мақсаттар қою қажет. Бұл үдеріс бір немесе бірнеше адамның әрекетімен емес, тұтас ұжымның әрекетімен жүзеге асады. Себебі көпшілік адамдардан сан түрлі идеялар мен жаңалықтардың туындауы заңдылық. Әрбір белсенді қатысушы өзінде туындаған идеялар мен мәселелерді ортаға салады.

Дизайн ойлау - бұл адамға бағытталатын жобалау процесі, сондықтан оған эмпатия кезеңі маңызды рөл атқарады. Болжамдар орнына, туындап отырған проблемаларды тереңінен түсіну үшін қоршаған ортаға ену өте маңызды. Басқалай айтсақ, дизайнерлік ойлаушылар әрқашан өздерін басқалардың орнына қоя білу керек.

Екінші кезең «бағалауда» жобаның нақты тұжырымдамалары анықталады. Мұнда дизайнерлер алғашқы кезеңде естіген, көрген, білген ақпараттарын ортаға салады. Жинақталған ақпараттар ұжым арасында талқыланып, ең маңыздысын таңдап алады. Бұл кезеңде қатысушылар (оқушылар) сарапталған ақпараттарға өзара қорытынды шығарып, оны одан әрі зерттеудің нысаны етеді. Бұл кезеңнің ерекшелігі идеяларды жүзеге асыру үшін ұжым боп жұмыс жүргізуде.

Бұдан кейінгі кезекте әрекетті жүзеге асырушылар мәселенің түйінін дәл анықтап, қиындықтарды нақты көре алуы қажет. Қатысушылар өздерінің бағытталған жұмыс жоспарларының тұжырымдамасын дайындайды. «Дизайн - ойлау» әдісінде бұл «көзқарас» деп аталады.

«Идеяларды қалыптастыру» кезеңінде өзіндегі барлық ақпаратты жинайды, оны қолданушыларды анықтайды. Мәселені шешуге ықпал ететін әр түрлі идеяларды ойлап табуға тырысады. Идея неғұрлым көп болған сайын мәселені шешу де соғұрлым жеңілдей түседі. Мәселені әр қырынан шешуге бағытталған идеяларды ұсынған дұрыс. Оның ең маңызды бөлігі – қарапайым ойлаудан, қораптан тыс ойлау. Сіз жаңа шешімдерді анықтауға және проблеманы балама жолдармен көруге тырысуыңыз керек. «Фокусизация» сатысы ақпаратты өңдеу және жұмыс істейтін мәселені бөлуге бағытталады. Фокустың мәні – мәселені шешу үшін тұжырымдау.

«Дизайн-ойлау» әдісінің келесі төртінші кезеңінде «Прототиптер құру» тұрады. Бұл кезеңінде алға қойылған түйіткілді мәселені шешуге бағыт алған, яғни соңғы нәтижелі шешімге бағытталған макеттер мен модельдер құрылады. Прототип процесінде рөлдік ойынның сценарийі толық дайын болуы шарт. Оқушылар осы сценарийді сәтті орындап шығуға тырысуы қажет. Яғни бұл алдыңғы кезеңдерде

өтілген инновациялық идеяларды толығымен аяқтап, жүзеге асырудың дайындық кезеңі деп айтуға да болады. Прототипті жасау сатысында идеялардың тиімділігі іс жүзінде тексеріледі.

«Прототип» кезеңі бойынша орындалған макет немесе модель (*көріністің сценарийі, техникалық, гуманитарлық ғылымдардағы түрлі жаңалықтар*) соңғы алтыншы «Тестілеу» кезеңде арнайы тағайындалған зерттеушілердің тексерісінен немесе шынайы өмірдегі тұтынушылар сынынан өткізіледі. Тестілеу сатысында әрбір прототипті іс жүзінде тексереміз: оқушылармен кері байланыс жүргізіп, нәтижені өңдейміз. Тестілеу қорытындысы бойынша зерттеушілер тобы макетті не болмаса ғылыми жаңалықты (орындалған жұмысқа байланысты) өңдеуден өткізе отырып, шешімдерін шығарады. Дайын жобаларды басқа топтармен бағалап, ұсыныстар алады. Бұл кезең оқушылардың ең басында ойлап тапқан табыс критерийлерін пайдалана алатындығын көрсетеді. Осылай кезең-кезең бойынша жүзеге асырылған әдіс өз мәресіне жетеді.

Қазақ тілі сабақтарында «дизайн-ойлау» әдісін қолдануда оқушылар мәселелерді ақпаратты іздеу және сұрыптау жолымен шешуі тиіс. Жеке көзқарас бойынша берілген тақырып оқушылардың қызығушылығын оятуы керек. Тапсырма балалардың қабілетіне, тақырып пен мазмұнынға сай болуы тиіс. Ал бұл өз кезегінде тілдік құзреттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Мәселелерді шешу кезінде оқушылар ынтымақтастық пен құрмет сияқты құндылықтарды негізге ала отырып, өз білімдерін біріктіреді, нақты білім мен тәжірибеге негіздеп, шешімдер шығарады, әрі кері байланыс жасайды.

Қазіргі кезде жаргон сөздерді орынсыз қолдану белең алып бара жатқаны жасырын емес. Бұл ұлттық тіліміздің құндылығын төмендетуге әсер етеді. Осы мәселені талдау, шешімін табу үшін дизайн-ойлау әдісін қолданған ұтымды. Мәселен, «Эмпатия. Тыңдау» сатысында оқушы басқа оқушының «ізімен жүру» және оның сезімін, қимылдары мен әрекеттерін түсінуге талпынады. Қазақ тілі өте бай тілдік қорын оқушы бойына сіңіру үшін, біріншіден, әр оқушымен әңгімелесу арқылы бұл проблеманың қаншалықты тереңге жайылғанын анықтап алуымыз қажет. Екіншіден, кішігірім зерттеу жұмысынан кейін, оны шешудің жолдарын қарастыру керек. Ол үшін жоспар құрып, тілдік дағдыны дамытуға ықпал ететін жұмыстарды айқындаған жөн. Оқушымен тек қана әңгімелеспей, олардың нені сезінетіндеріне мән беріп, тілдік дағдысын дамытуға ыңғайлы жол іздеу үшін – олар сияқты ойлап көру керек. Сондықтан, алдымен, проблеманы зерттеп, дәл сол оқушылар сияқты ойлап та, сөйлем те көруге талпынсақ, олардың жаргон сөздерді қолдану арқылы «трендтен», яғни, белгілі бір бағыт немесе салада орын алған өзгеруден кем қалмауды көздейтіндерін байқауға болады.

Әңгіме барысы тым қызықсыз болуы да мүмкін, сондықтан, сұхбат өткізіп, әркімнің ойын білу мақсатында, тілімізге, тілімізді дамытуға байланысты сұрақтар қойып, оларды түсінуге тырысқан жөн. Мысалы, «сенің ойыңша, неге қазіргі заманда тілімізді дамыту негізгі мәселелердің бірі болып табылады?», «сенің достарыңның арасында жаргон сөздерді қолданбай, таза сөйлейтін адам бар ма,

онымен сөйлесіп отырғанда не сезесің?», «бір күн тек қазақша сөйлеу сен үшін оңай ма, әлде қиын бола ма?» деген сұрақтар арқылы, оқушыларды ойландыра аламыз.

Эмпатия кезеңінен кейін, оқушылармен әңгіме арасында, көптеген сұрақтар санамызды жаулайды. Басқа тілді оларға білу мақтаныш болса, өз тілін жетік білу неге мақтаныш емес? Ана тілімізді қалай бойларына сіңіріп, оның байлығын, әуезділігін көрсетуге болады?

Бұл сатыда сол сұрақтарды жүйелеп, нақты бір сұраққа жауап іздеп, проблеманы шешудің жолдарын іздетеміз. Идея, негізгі идеяларды ойластыру сатысында мәселені шешу сәтті болуы үшін сынды жойып, жағымды атмосфера тудырып, түрлі идеяларды ортаға салдырамыз. Бұл саты алдыңғы екі сатыны қорытындылап, іске көшу мақсатын көздейді. Бұл кезеңге оқушылармен қоса олардың ата-аналарын, мұғалімдерді де қатыстыруға болады. Аталған кезеңде әркім өз идеясымен бөліседі. Кімнің идеясы ұтымды болса, сол ойды бір сатыға жоғары көтеру керек.

Неге ата-ана? Себебі оқушының тәрбиесі тікелей ата-анаға байланысты. Кей балалар орыс тілінде сөйлейтін отбасында дүниеге келгендіктен, олардың қазақ тілін қабылдауы қиынырақ болады. Сондықтан ондай отбасыларға үйде де қазақ тілінде сөйлеуді ұсыну жақсы идея болып табылады. Қарапайым заттарды тек қазақ тілінде айтса, ата-ана балаға ең керемет үлгі көрсете алады. Жақындарының ынтасын көрген оқушы, міндетті түрде, өз ана тілін құрметтеуге ұмтылады.

Ортаға бірнеше идеялар тасталған соң, оларды сараптап, ең тиімді және оқушыларды қызықтыратындай ойды талқылауға көшеміз. Мысалы, 21 ғасырда оқушылардың көбі «кумир», яғни үлгі тұтатын адамдарының айтқан сөздеріне сеніп, аса құрметтейді. Тіпті, кей оқушылар олардың істерін қайталап, ұқсауға тырысады. Сонымен қатар олар инновация мен техниканың соны жаңалықтарына қызығушылықпен қарайды. Мәселені шешуде осы тақырыптарға байланысты идеяларды қолдануға болады. Мысалы, қазақ тіліндегі аудиокітапты қолдан істеу, яғни біреудің емес, өздерінің дауыстарымен кітапты оқытып, аудио жазба дайындату ұтымды. Неліктен аудиокітап? Ащы болса да, шындық, қазақ тілінде кітап оқитын оқушылар аз. Олардың санын өсіру үшін қазақ тіліндегі аудио кітаптармен таныстырған жөн. Олардың тілдік дағдысын дамытуда аудиокітап ең қолайлы шешім болуы ықтимал. Ол үшін оларға кітап оқудың пайдасын айтып, түсіндіреміз. Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі; кітап оқу – жадыны және ойлауды дамытады, яғни, көп оқыған адамның жады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады; кітап оқу – талдауға, сараптауға, өзіндік жүйелі пікір қалыптастыруға үйретеді; кітап оқу – көптеген табыс пен жетістіктің ең басты негізі; кітап оқу – адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады; кітап оқу – сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады; кітап оқу – адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады. Кітап оқудың аталған пайдалы жақтарымен танысу олардың қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі.

Прототипті жасау сатысында идеялардың тиімділігі іс жүзінде тексеріледі. Сонымен, аудиокітапты жасау үшін, бірінші әр бала ертегі немесе әңгіме таңдап алады. Кітап жасаудың бірнеше үлгілері бар: фетр матасынан, түптеу, түрлі-түсті картон қағаздарынан, модульдік оригами кітабы, А4 қағазы және қатты картон. Оқушыларға кітап стилі мен жасау әдісін таңдатқызып, іске көшу барысында тек қазақша сөйлесуді міндеттеу керек. Кез келген оқушы сый деген затты бағалайды, сонымен қатар, бәсекелестікке қабілеттілігін дамыту мақсатында, ең көп өзге сөз айтқан оқушының баллдарын кемітіп, аяғында жеңімпазды анықтауды ұсынуға болады. Аудиокітап жасау оқушылардың тек тілдік дағдысын ғана емес, бәсекелестікке қабілетін, ойлау қабілетін дамытуға әсерін тигізеді.

Таңдалынған ертегі, әңгімелеріне байланысты оқушылардың қолына кейіпкерлердің наклейка немесе суреттерін ұсынады. Кейіпкерлерге байланысты, рөлге кіріп оқуды үйрету керек. Бұл кезеңде ораторлық қасиеттері ашыла бастайды. Сонымен қатар, әріптердің нақты айтылуы, өзара тілдесулері бағаланады. Мобильді телефон диктофонына, немесе арнайы микрофонмен кітапты оқып, аудио жазылады. Кітапты оқу арқылы оқушылар ана тілімен жақынырақ таныса түседі. Беймәлім сөздер таныс сөздермен араласып, мағынаға ие болады. Кітап жасалынып, аудио жазылғаннан кейін, аудиокітап жарық көреді.

Тестілеу сатысында әрбір прототипті іс жүзінде тексереміз: оқушылармен кері байланыс жүргізіп, нәтижені өңдейміз. Аудиокітап жасалынып біткеннен кейін, міндетті түрде жарыққа шығармас бұрын, тексеріп көруіміз керек. Ол үшін әр баланың жазылған аудиосын бөліп, кітап атауына сәйкес есімін өзгертуге болады. Әр аудиоға QR-код жасап, оны қағазға басып шығарып, кітапқа орналастыру керек.

Осылайша, толықтай аудиокітапты жасап шығаруға мүмкіндік туады. Енді, оны тестілеу уақытында мобильді қосымша арқылы кодты сканер жасап, аудионы кез келген уақытта тыңдауға, сонымен қатар, кітапты оқуға мүмкіндік аламыз.

Аудиокітапты тестілеу кезінде біз дыбыстың дұрыстығына назар аударамыз, өйткені кітаптың мазмұны осыған байланысты. Аудионы қосып, оның техникалық ақауларын тексереміз. Оны қағаз нұсқасымен салыстырып, талдаймыз. Кеткен қателерді сынаймыз. Егер бәрі жақсы болса, келесі кезеңге дайындаламыз. Кітапты ұстану және әр паракқа бекіту арқылы аудионы бірнеше бөлікке бөлуге болады. Мұның бәрі ерекше назар аударуды және әр оқушының қалауын талап етеді.

Тұсаукесер сатысында оқушылар өз шешімдерін, нәтижелерін көрсетіп, мақсатқа жету жолындағы баспалдақтарымен бөліседі. Оқушылар ата-аналарының алдында өздерінің тұсаукесерін, аудио кітаптарын көрсетеді. Әр оқушы өз кітабын қазақ тілінде ұсынады. Олар ата-аналарды өз жобаларымен, ертегімен немесе өздері таңдаған оқиғамен таныстырады, не себепті осы тақырыпты таңдағанын түсіндіреді. Қандай қиындықтар кездескенін, не оңай болғанын, не үйренгенін айтады. Осылайша олар үлкен аудитория алдында ана тілінде сөйлеуді үйренеді. Ата-аналар әртүрлі сұрақтар қояды, ал оқушылар жауап береді.

Олардың ұпайларын сөз саптаулары, ана тілінде сауатты сөйлеп, оқулары арқылы айқындаймыз. Егер олар жаргон немесе басқа тілді араластырып сөйлесе балы кеміп отырады. Осылайша оларды бәсекеге қабілетті болуға дайындай отырып, қазақ тілінде жатық, қатесіз сөйлеуге дағдыландырамыз. Егер жеңімпаз кітап бойынша анықталса, бұл әділ болмайды, өйткені әркімнің еңбегі бар. Сондықтан, тек ұпайлар есептеледі. Жеңімпаздар өз кітаптарын акт залында басқа мұғалімдердің алдында таныстыруға мүмкіндік алады. Біздің ойымызша, бұл ең жақсы сыйлық болады, себебі әркім өз еңбегінің жемісін көргісі келді.

«Дизайн-ойлау» әдісінің аталған алты кезеңін дұрыс қолдану оқушылардың алған білімдерін шынайы өмірмен байланыстырып, шығармашылық қабілетін арттыруға, ғылыми жаңалықтарды ашуға деген құлшыныс тудыруға мүмкіндік туғызады. «Дизайн-ойлау» оқушыны топпен жұмыс жасауға, өзгенің пікіріне құрметпен қарай отырып, өз идеясын дәлелдеуге үйретеді. Түрлі жоба жұмыстары оқушының өзіндік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Ғылыми тұрғыдан сараптауға дағдыландырады.

Қорытынды. Қорыта келгенде, «дизайн-ойлау» әдісіндегі идеялар мен стратегияларды сабақта қолдану оқушылардың өмірдегі күрделі мәселелерін шешу қабілетін жетілдіруге көмектеседі.

Мұғалім мұндай жұмысты орындау барысында айқын, түсінікті және ойластырылған нұсқаулықтар беретін фасилитатор болып табылады. Оқушылардың тапсырманы қаншалықты түсінгенін, топтан топқа ауысатынын, тыңдайтынын, оқушылар не туралы айтып, талқылау қалай жүріп жатқанын және әр адамның қалай қатысқанын бақылай отырып, сабақ соңында оқушылардың жасаған жұмыстарына рефлексия береді.

«Дизайн-ойлау» кез келген тапсырманы шығармашылықпен, қызығушылықпен орындатуға мүмкіндік береді. Оқушылар бұл жобаға қызығушылық танытады, өйткені бүгінгі балалар жаңалықты жақсы көреді. «дизайн-ойлау» кезеңдері кез келген салада мақсатқа жетудің нақты бағдарламасын құруға көмектеседі. Әр кезеңге сүйене отырып, мақсатқа жетудің ерекше тәсілін табуға болады.

«Дизайн-ойлау» әдісі оқушылардың зерттеу, талдау, синтездеу дағдыларын дамытады, оларды ойларын еркін жеткізуге, кез келген ортада коммуникацияға түсуге үйретеді. Топпен жұмыс істеу оқушылардың қызығушылығын тудырып, өз даралығы мен креативтілігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

Жамелов Б.А. (2017). «Дизайн ойлау» – оқыту мен білім берудегі жаңа әдіс. <https://bilimainasy.kz/%D0%B4%D0%B8%D0%B7%D0%B9%D0%BD-%D0%BE%D0%B9%D0%BB%D0%B0%D1%83-%D0%BE%D2%9B%D1%8B%D1%82%D1%83-%D0%BC%D0%B5%D0%BD-%D0%B1%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BC->

%D0%B1%D0%B5%D1%80%D1%83%D0%B4%D0%B5/ (қаралған уақыты: 01.02.2021 ж.)

Кен Р. (2016). Школа будущего. Как вырастить талантливого ребенка / пер.с англ. О.Медведь / – М.: Манн, Иванов и Фербер. – 368 с.

Максимова С.М., Пулявина Н.С. (2018). Дизайн-мышление в организации проектной работы студентов // Российское предпринимательство. – Том 19. – № 4. – С. 1323-1330.

Сагинова О.В., Завьялова Н.Б., Сагинов Ю.Л. (2013). Влияние исследовательской деятельности преподавателя вуза на эффективность и качество преподавания: постановка проблемы на основе анализа научной литературы // Человеческий капитал и профессиональное образование. – № 4. – с. 4-7.

Том К., Дэвид К. (2015). Креативная уверенность. Как высвободить и реализовать свои творческие силы / пер.с англ. Т.Землянской /. – М.: Азбука Бизнес, Азбука – Аттикус. – 288 с.

References

Zhamelov B.A. (2017). «Dizain oilay» – okyty men bilim berydegi zhana adis ["Design thinking" is a new method of teaching and learning]. <https://bilimainasy.kz/%D0%B4%D0%B8%D0%B7%D0%B0%D0%B9%D0%BD-%D0%BE%D0%B9%D0%BB%D0%B0%D1%83-%D0%BE%D2%9B%D1%8B%D1%82%D1%83-%D0%BC%D0%B5%D0%BD-%D0%B1%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BC-%D0%B1%D0%B5%D1%80%D1%83%D0%B4%D0%B5/> (date of address: 01.02.2021).

Ken R. (2016). Shkola bydyshevo. Kak vyrfstit talantlivovo rebenka [School of the future. How to raise a talented child]. Trans. Eng. Medvedov O. – Moskva: Mann, Ivanov i Ferber. – 368.

Maksimova S.M., Pyliavina N.S. (2018). Dizain-myshlenie v organizatsi proektnoi raboty stydentov [Design thinking in organizing students' project work]. Rossiskoe predprinimatelstvo [Russian entrepreneurship]. Vol.19. Issue 4. Pp. 1323-1330.

Saginova O.V., Zavialova N.B., Saginov U.L. (2013). Vlianie issledovatel'skoi deiatelnosti prepodavatelia vyza na iffektivnost i kachestvo prepodavania: pastanovka problem na osnove analiza naychnoi literatyry [The influence of the research activity of a university teacher on the effectiveness and quality of teaching: problem statement based on the analysis of scientific literature]. Chelovicheski kapital i professionalnoe obrazovanie [Human capital and vocational education]. Vol.4. P. 4-7.

Tom K., David K. (2015). Kerativnaia uverennost. Kak vysvobodid i realizovat svoi tvorcheskie silu [Creative confidence. How to release and realize your creative forces]. Moskva: Azbuka biznes – Attikus. P. 288.

Improving the creative thinking of students using the method of “design thinking”

RAKHMETOVA Raigul Saduakaskyzy

Doctor of pedagogical sciences, associate Professor of
Abai Kazakh national pedagogical University
Almaty/Kazakhstan
e-mail: raigul.67@mail.ru

ZHANGAZY Akikat Akbergenkyzy

2nd year master's student of the Institute of Kazakh language and Literature
of the Abai Kazakh national pedagogical University
Almaty/Kazakhstan
e-mail: zhangazy.akikat@mail.ru

Abstract. *Changes in science and education require a new approach to the learning process. Introducing new educational innovations into the teaching process requires a lot of research from the teacher. The selective use of rational methods that contribute to improving the quality of student learning also depends on the experience and creativity of the teacher. In recent years, one of the most effective ways to influence the development of students' independent thinking has been the search – design thinking. The main purpose of the method of "design-thinking" - to identify problems in society through the use of innovative and creative approaches and to teach them to use the discovered innovations, offering them the path to real life. It has been proven that the introduction of this method in the field of education and science helps students to be active and think positively, learn to critically evaluate the problem, strengthen their creative skills. The article discusses the history of the design-thinking method, its peculiarities and methods of application. It tells about the stages of the design-thinking method. It is said that this method contributes to the development of the student's abilities.*

Keywords: *method, design thinking, creativity, innovation, group work.*

**Совершенствование творческого мышления учащихся с помощью метода
«дизайн-мышления»**

РАХМЕТОВА Райгул Садуакаскызы

д.п.н., доцент КазНПУ им. Абая
Алматы/Казахстан
e-mail: raigul.67@mail.ru

ЖАНГАЗЫ Акикат Акбергенкызы

Магистрант 2 курса института казахский язык и литература
Казахский Национальный Педагогический Университет им.Абая
Алматы/Казахстан
e-mail: zhangazy.akikat@mail.ru

Аннотация. *Изменения в науке и образовании требуют нового подхода к процессу обучения. Внедрение новых образовательных инноваций в учебный процесс требует от*

учителя серьезных исследований. Выборочное использование рациональных методов, способствующих повышению качества обучения учеников, также зависит от опыта и творческих способностей учителя. В последние годы одним из наиболее эффективных способов воздействия на развитие самостоятельного мышления учеников стало поисково-дизайнерское мышление. Основная цель метода «дизайн-мышление» - выявить проблемы в обществе с использованием новаторских и творческих подходов и научить их использовать обнаруженные инновации, предлагая пути их решения в реальной жизни. Доказано, что внедрение этого метода в сфере образования и науки помогает учащимся быть активными и мыслить позитивно, научиться критически оценивать проблему, укрепить свои творческие навыки. В статье рассказывается об истории метода дизайн-мышления, его особенностях и способах применения. Рассказано об этапах метода дизайн-мышления. Говорят, что этот метод способствует развитию способностей ученика.

Ключевые слова: *метод, дизайн-мышление, творчество, инновации, групповая работа.*